33) 14.04.2023 ж. «Дарынды қыз балаларға арналған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты» КММ-нің ұйымдастыруымен Павлодар қаласының жалпы білім беру ұйымдарының 5-6 сынып оқушылары арасында «PRC – Pavlodar Robotics Challenge» облыстық робот техникасы жарысында «Lego labyrinth» категориясында 5 «Г» сынып оқушылары Айгазинова Камила мен Ахметова Асемай I дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері: информатика мұғалімі Нуржан Маншук Каирбекқызы.

34) 14.04.2023 ж. Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің облыстық педагогикалық олимпиадасында «Арнайы педагогика» мамандығының грантын 11 «В» сынып оқушысы Ақан Дайана жеңіп алды.

35) 21.04.2023 ж. 7-11 сынып оқушыларына арналған «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының қалалық кезеңінің "Сөз шеберлері" бағытында 10 «А» сынып оқушысы Камесхан Нұртілек I орынды иеленді. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Адалбулова Зухра Барлыбаевна. "Жас қаламгер" бағытында I орынмен 9 «Ғ» сынып оқушысы Рамазанова Амина марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Копеева Айжан Сержановна.

36) 26.04.2023 ж. 7-11 сынып оқушыларына арналған «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңінің "Сөз шеберлері" бағытында 10 «А» сынып оқушысы Камесхан Нұртілек III орынды иеленді. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Адалбулова Зухра Барлыбаевна. "Жас қаламгер" бағытында III орынмен 9 «Ғ» сынып оқушысы Рамазанова Амина марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Копеева Айжан Сержановна

37) 28.04.2023 ж. облыстық көп салалы дарынды балаларға арналаған лицей-интернатында өткізілген 6 сынып оқушылары арасында «Лингвистическая регата» облыстық тіл байқауында Бас жүлдені «Алғырлар» командасы иеленді. Команды құрамы: 6 «А» сынып оқушысы Әлібек Назерке, 6 «Ә» сынып оқушысы Шаймарданова Аянат, 6 «Б» сынып оқушылары Кабиева Аружан мен Турганбекова Зарина. Жетекшілері қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері Жангабулова Назира Ергалиевна, Амринова Умут Еркебаевна, Мухаметжанова Лаура Жайлаубекқызы, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері Жаркенова Зауреш Бокенбаевна, Сапиева Акмарал Муратовна, ағылшын тілі мұғалімдері Турсынханова Жайнагуль Асылбековна, Жақсылық Аида Арманқызы, Сачанова Асемгуль Нурмаханбетовна.

38) 28.04.2023 ж. 7-8 сынып оқушыларына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасының облыстық кезеңінде Қазақстан тарихы пәнінен I дәрежелі дипломмен 7 «Ә» сынып оқушысы Тельман Толғанай марапатталды. Жетекшісі: тарих мұғалімі Исабаева Зарина Нурлановна.

39) 28.04.2023 ж. 8-11 сынып оқушылары арасында республикалық «Әбіш оқулары» байқауының облыстық кезеңінде «Сахналық қойылым» бағыты бойынша Құрмет грамотасымен: Смагулов Дамир 11 "А", Камесхан Нұртілек 10 "А", Махмет Ақтілек 10 "Б", Тұңғышбаева Ерке 10 "В", Иран Нұрдәулет 10 "В", Исакаева Дария 9 "В" марапатталды. Жетекшілері: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері.

40) 04.05.2023 ж. Астана қаласында өткен "Robotek Grand Tournament" республикалық робототехника чемпионатында «Лабиринт» бағыты бойынша ІІ дәрежелі дипломмен 8 «А» сынып оқушылары Мукин Абылай, Орынғазы Дидар марапатталды. Жетекшілері: информатика мұғалімі Томаров Жарас Жолдасбекович.

41) 12.05.2023 ж. 1-4 сынып оқушылары арасында «Абай оқулары» қалалық кезеңінің "Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы" бағытында ІІ орынды 2 «Ә» сынып оқушысы Дюсенбай Ерназар иеленді. Жетекшісі: бастауыш мұғалімі Смаилова Майгуль Кабыкеновна. ІІІ орынмен 2 «Б» сынып оқушысы Нығметолла Адиет марапатталды. Жетекшісі: бастауыш мұғалімі Конкышева Асель Сагиндыковна. 4 сыныптар арасында 4 «Ғ» сынып оқушысы Захан Ибраһим ІІ орынды иеленді. Жетекшісі: бастауыш мұғалімі Абильдина Арай Баянбековна. «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» бағыты бойынша 3 «В» сынып оқушысы Нармбеков Адият ІІІ орынмен марапатталды.

42) 13.05-14.05.2023 ж. Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойы қарсаңында дәстүрлі ХІІ мектеп оқушылары арасында облыстық пікірсайыс турнирі өтті. Турнирде 32 команда арасынан 10"А" сынып оқушысы Камесхан Нұртілек, 8 "А" Сейткулова Аянат финалист атанды ("Екі жұлдыз" командасы). 9 "А" сынып оқушылары қатысқаны үшін Сагындыкова Саида, Мұқаш Шахриза сертификатпен марапатталды. Жетекшілері: қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Каирканова Нурсулу Жанатовна, тарих мұғалімі Әлиақбар Айнұр Бағланқызы.

43) 17.05.2023 ж. 7-11 сынып оқушылары арасында өткен «Шоң би оқулары» қалалық кезеңінде тест сұрақтарынан 9 "Б" сынып оқушылары Мусалина Айлана І орынды, эссе жазудан Серік Бекзат ІІ орынды иеленді. Жетекшілері: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Асылбаев Еркебулан Темиртолноевич.

44) 19.05.2023 ж. Павлодар облысының 12 жасқа дейінгі оқушылар арасындағы шахматтан іріктеу кезеңінде 25 жалпы орта білім беру оқушылары ІІ орынды, 100 мың қаржылай сыйлықты иеленді. Қатысқан оқушылар: Байгожа Мирхат 4 "А", Пирназаров Даниал 4 "Б", Алпамысқызы Азиза 4 "А", Кырыкбаев Асанали 5 "Б". Жетекшілері: денешынықтыру мұғалімі Нұрлан Дамир Нұрланұлы.

45) 19.05.2023 ж. Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай күніне, Қазақстан Қызыл Жарты айының 85 жылдығына арналған «Мейірімділікке апарар жол» ақпараттық науқаны аясында постер байқауында «Қызыл жарты ай балалар көзімен» номинациялық дипломмен 8 «Ә» сынып оқушысы Молюкова Диляра марапатталды. Жетекшісі: биология мұғалімі Қожабаева Гулжанат Бектуровна. Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Павлодар облысының филиалдық қоғамдық қоры гуманитарлық қызметті дамытуға және адамдарға көмектесуге бағытталған бірлескен жұмысы, белсенді өмірлік ұстанымы, көмек қолын созуға және қиын жағдайда қалғандарды қолдауға дайындығы үшін №25 жалпы орта білім беру мектебіне Алғысын білдірді.

46) 23.05.2023 ж. 7-11 сынып оқушыларына арналған «Ел қамын жеген Едіге би» қалалық кезеңі өтті. «Зерттеу жұмыстары бағыты» бойынша I орынды 8 «А» сынып оқушысы Нағымет Жаннұр иеленді. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Мухаметжанова Айгерим Шаяхметовна. «Эссе жазу бағыты» бойынша II орынмен 10 «А» сынып оқушысы Конкышева Амина марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Адалбулова Зухра Барлыбаевна. «Тест сұрақтары» бағыты бойынша III орынды 7 «Ә» сынып оқушысы Қуанышбаева Жұлдуз иеленді. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Ержанова Саулет Кельдибаевна.

47) 09.06.2023 ж. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы шеңберінде қазақтың көрнекті биі, Тәуке ханның билер кеңесінің мүшесі, «Жеті жарғы» заңдар жинағын түзуге қатысушы тарихи тұлға – Едіге би Төлебайұлына арналған мектеп оқушыларының арасындағы «Ел қамын жеген Едіге би» облыстық оқуларында «Етегіне ел сыйған Едіге би» зерттеу жұмыстары бойынша өзінің алғырлығы мен білімпаздығын, зеректігі мен зияткерлігін танытқан 8 «А» сынып оқушысы Нағымет Жаннұр II дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Мухаметжанова Айгерим Шаяхметовна.

48) 12.06.2023 ж. 5-9 сынып оқушылары арасында республикалық «Тарих ата» қашықтық олимпиадасында I дәрежелі дипломын 7 сынып оқушылары Тельман Толғанай (7Ә), Арманқызы Томирис (7А), Қадыр Дәрия (7Ә), Хасен Аирин (7А), Қуанышбаева Жұлдыз (7Ә), Абуева Дарига (7А) иеленді. Жетекшілері: тарих мұғалімі Исабаева Зарина Нурлановна.

49) 19.06.2023 ж. Павлодар қалалық мектеп оқушылары арасында “Білім беру саласында ChatGPT нейрондық жүйесі пайда болуынан туындаған мәселелер” тақырыбында “Model United Nation “ жобасында 8 “Б” сынып оқушысы Сағадат Айзия “Үздік спикер” номинациясын иеленді. Жетекшісі: Қырықбаева Венера Кенесовна, Әлиақбар Айнұр Бағланқызы.

Мұғалімдер жетістігі:

1. **«Білім-Оркениет» ұлттық ғылыми зерттеу орталығы. Диплом 1-дәрежелі.** ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын педагогтармен білім алушылардың арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «музыка пәнінің үздік педагогы-2021» атты республикалық байқауға қатысып жеңімпаз атанған Ханапия Майра марапатталады.
2. **Алғыс хат.** Бала дауысы. Құрметті Ханафия Майра сізге Ұлттық «Бала дауысы-2020» балалар ән байқауының өтуіне жан-жақты қолдау көрсеткеніңіз үшін алғыс білдіреміз!
3. **Ордабаева Жанар Бейсенбаевна.** «Үздік оқу-әдістемелік материал» облыстық конкурсында «Үздік диагностикалық материал» бағыты бойынша . 3-дәрежелі диплом.
4. "Педагогикалық идеялар панорамасы" бейне-сабақтар байқауының өңірлік кезеңінің қорытындысы. 2022 жылғы 01 наурызынан 10 қазанға дейін өткізілген "Педагогикалық идеялар панорамасы" Республикалық бейне-сабақ конкурсының өңірлік кезеңінің қорытындысы шығарылды.
5. "Педагогикалық идеялар панорамасы-2022" сайысында психолог-педагогтар арасында 3 орын алған әріптесіміз **Ордабаева Ж.Б**
6. 2023 жылдың 21 қаңтарында облыстық жас мамандар арасындағы пікірсайыс турнирінде тарих мұғалімі **Әлиақбар Айнұр Бағланқызы** II дәрежелі дипломмен марапатталды.
7. 24.01.2023 ж. "Robotek Grand Tournament" республикалық турнирінің қалалық кезеңі қазылар алқасының мүшесі болғанын растайтын сертификат **Томаров Жарас Жолдасбекович**
8. 24.02.2023 ж. «Үздік оқу-әдістемелік материал – 2023» сайысының қорытындысы бойынша бастауыш сыныптан «Үздік авторлық бағдарлама» бағыты бойынша 2 орынды **Жомартова Дана Хабдуловна**, «Үздік іс-шара сценарийі» бағыты бойынша 3 орынды **Бектасова Алма Жумабаевна** иеленді.
9. «Барлық тіршіліктің тірегі – ана» атты қалалық мәнерлеп оқу сайысына қатысқаны үшін тарих мұғалімі **Әлиақбар Айнұр Бағланқызы** дипломмен марапатталды.

- 10.25.03.2023-28.03.2023 ж. Алматы қаласында өткен «Атадан-мұра» қоғамдық қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасындағы «Ана туралы жыр» халықаралық байқауында шәкір дайындағаны үшін музыка мұғалімі **Балкенов Жанұзақ Қорабайұлы** Алғыс хатпен марапатталды.
- 11.ҚР тоғызқұмалақ спорты Федерациясының Президентінің Алғыс хатымен **Алашпаев Жанайхан Анарбекұлы** марапатталды.
- 12.Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде өткен дәстүрлі Aқиқat cup XII республикалық студенттер арасындағы пікірсайыс турнирінде тарих мұғалімі **Әлиақбар Айнұр Бағланқызы** марапатталды.
13. «Х Ахметов оқулары. Заманауи білім беру үдерісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясының қорытындысы бойынша III дәрежелі дипломмен бастауыш мұғалімдері **Смаилова Майгуль Кабыкеновна мен Конкышева Асель Сагиндыковна** марапатталды.
- 14.Жалпы қоғамдағы дебаттың дамуына және жалынды жастардың жаңа көзқарасының қалыптасуына қосқан үлесі үшін **Әлиақбар Айнұр Бағланқызы** Марғұлан университетінің басқарма төрағасы-ректорының Алғыс хатымен марапатталды.
15. «Жаңа тәжірибе» бағыты бойынша облыстық шығармашылық топтың қызметі аясында педагог-психолог **Ордабаева Жанар Бейсенбаевна** тәжірибе алмасып, марапатталды.
- 16.24.02.2023 ж. «Үздік оқу-әдістемелік материал – 2023» сайысының қорытындысы бойынша бастауыш сыныптан «Үздік авторлық бағдарлама» бағыты бойынша 2 орынды **Жомартова Дана Хабдуловна**, «Үздік іс-шара сценарийі» бағыты бойынша 3 орынды **Бектасова Алма Жумабаевна** иеленді.
- 17.28 сәуірде “Өрлеу” БАҰО ұйымдастырған “Педагогикалық шеберлік” облыстық конкурсында II орын дипломымен бастауыш мұғалімдері **Каратаева Данагуль Набиевна, Искакова Бакытгуль Сагандыковна, Муслимова Жанат Мухиденовна**, III орын дипломымен бастауыш мұғалімі **Шаханова Дидар Жасулановна** марапатталды.

18. Өлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде 12 мамыр күні “Академик Өлкей Марғұланның ғылыми мұрасы және тарих ғылымының өзекті мәселелері” халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Тарих пәнінің мұғалімі **Әлиакбар Айнұр Бағланқызы** “XVIII-XIX ғғ. ОРЫС ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРІНІҢ ОБРАЗЫ МЕН ТҰРМЫСТАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ” атты мақаласын қорғап, жүлделі I орынмен марапатталды.

Қорытынды

Қорытындылай келе дарынды оқушылармен жұмысты онлайн және оффлайн оқыту жағдайына бейімдеу жасалған. Онлайн/оффлайн жұмыс жасаудың өзіндік әдіс-тәсілдері игеріліп, іске асуда. Биылғы оқу жылының I-жартыжылдықта дарынды оқушылардың интеллектуалдық сайыстардың қалалық деңгейдегі көрсеткіштері көтерілгенмен, облыстық деңгейдегі көрсеткіштерінің айтарлықтай төмендеуі байқалады. Сондықтан сайысқа қатысушылардың дайындықтарын жүйелі түрде жағастырып, жіберілген қателіктер талданып, қатемен жұмыс жасалсын.

Мәселелер:

1. Сондықтан бұдан әрі қалыптасқан жағдайға бейімделіп, зерттеу жұмыстарын жандандыру қолға алынсын;
2. Болашақта физика, география, математика, химия және биология пән мұғалімдерімен зерттеу жұмыстарына қатысуға нұсқаулықтар беріп, ЖОО орындары ғалымдарынан әдістемелік көмек алуына жағдай жасалсын;
3. Республикалық 5-6 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиадаға және 8-11 сынып оқушыларына арналған гуманитарлық олимпиадаларға жүйелі түрде дайындалу ісі қолға алынып, ӘБ жетекшілер және мектеп басшысының ғылыми кеңес жөніндегі орынбасары тарапынан қадағалансын;
4. Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша интеллектуалдық сайыстарға қатысу белсенділігін артыру үшін дарынды балалармен жұмыс жоспары жүйелі түрде жүргізілсін;
5. Оқушылары қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейде жетістіктерге жеткен пән мұғалімдері марапаттауларға ұсынылсын.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндердің пәндердің оқытылу жағдайы (жылдық)

Мақсаты:

1. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы бойынша орындалуын қадағалау;

Негіз:

1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.
2. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы. (төмендетілген оқу жүктемесімен).
3. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
4. 2022-2023 оқу жылындағы мектепшілік бақылау жоспары.

2022-2023 оқу жылында № 25 ЖОББМ де барлығы 1669 оқушы 67 комплект сынып бар. Аталған сыныптарда қоғамдық гуманитарлық бағытта барлығы мұғалім 48 жұмыс жасайды.

№	Тегі, аты, әкесінің аты	пәні	Білімі	санаты	Пед ст. ж
1	Асылбаев Еркебұлан Теміртөлеуұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	15
2	Ержанова Саулет Кельдибаевна	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-сарапшы	8
3	Адалбулова Зухра Барлыбаевна	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-сарапшы	17
4	Жангабулова Назира Ерғалиқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	24
5	Мухаметжанова Лаура Жайлаубекқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	14
6	Мухаметжанова Әйгерім Шаяхметқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	22
7	Қайрканова Нурсулу Жанатовна	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-сарапшы	6
8	Қопаева Айжан Сержановна	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-сарапшы	15
9	Ильясова Гулнур Маратовна	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-сарапшы	15

10	Аминова Умут Еркебаевна (жас маман)	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-модератор	2
11	Алашпаева Мейрамгуль Какимжановна	Қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	18
12	Ермағамбетова Нурсулу Умурзаковна	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог зерттеуші	35
13	Бейсекеева Ильмира Ақылбековна	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог зерттеуші	17
14	Жақсылық Аида Арманқызы	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог модератор	6
15	Абдырахманова Ақбота Каирбековна	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог сарапшы	7
16	Айгожина Арайлы Айдарқызы	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог сарапшы	8
17	Кожаметова Камила Ермуратовна	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог сарапшы	9
18/	Есимханова Алия Алкеновна	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог модератор	4
19	Мусина Дина Ерлановна	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог сарапшы	11
20	Шайман Алтынай Ерсайнқызы	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог модератор	4
21	Сачанова Асемгуль Нурмухамбетовна	Ағылшын тілі	Жоғары	Педагог зерттеуші	17
22	Рамазанова Индира Оралтаевна	Ағылшын тілі	Жоғары	Санатсыз	12
23	Иманбекова Жанара Даулетбековна (жас маман)	Ағылшын тілі	Жоғары	Санатсыз	3
24	Сакенова Гульнар Тастыбаевна	Ағылшын тілі	Жоғары	Санатсыз	2
25	Турсунханова Жайнагуль Асылбековна	Ағылшын тілі	Жоғары	Санатсыз	7
26	Харахад Айгерім (жас маман)	Ағылшын тілі	Жоғары	Санатсыз	
27	Уразкулова Перизат Абдумуратқызы	Ағылшын тілі	Жоғары	Санатсыз	8
28	Темирова Мейрамгуль Сериковна	Ағылшын тілі	Жоғары	Санатсыз	2
29	Бекситова Сауле Жаскайратовна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	18
30	Дюсембаева Гульнара Абуевна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	28
31	Жармагомбетова Айнура Амантаевна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	санатсыз	3
32	Жаркенова Зауреш Бокенбаевна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	17
33	Ибраева Айман Муратхановна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	26
34	Каирбекова Гульсим Хасеновна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Жоғары	36
35	Маралбаева Қайрпану Қайргельдиевна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	33

36	Оспанова Лаура Толеугажиевна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-модератор	7
37	Смаилова Батима Сайфуллаевна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	23
38	Усенова Гүлжан Райхановна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	26
39	Хамитова Нагима Мукатаевна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	Педагог-зерттеуші	36
40	Сапиева Акмарал Муратовна	Орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	санатсыз	13
41	Амангелді Рауза	Тарих	жоғары	Педагог-зерттеуші	16
42	Исабаева Зарина Нурланова	Тарих	жоғары	Педагог-зерттеуші	13
43	Жакиянова Арай Нургазыевна	Тарих	жоғары	Педагог сарапшы	6
44	Омарова Нурсулу Оркеновна	Тарих	жоғары	Педагог	42
45	Абдрахманова Самал Рамазановна	Тарих	жоғары	Педагог сарапшы	22
46	Бейсенбаева Райгүль Бактыбаевна	Тарих	жоғары	Педагог модератор	8
47	Окинбек Гулмерей	Тарих	жоғары	Педагог модератор	10
48	Әлиакбар Айнұр Бағланқызы (жас маман)	Тарих	жоғары	Санатсыз	

Кесте №1



диаграмма №1

Санаты бойынша: жоғары-1, педагог-зерттеуші-18, педагог-сарапшы-11, педагог-модератор-6, санатсыз-10. Жас маман: Амринова Умит Еркебаевна, Харахад Айгерім, Әлиакбар Айнұр Бағланқызы. Қоғамдық гуманитарлық бағытта сабақ беруші мұғалімдердің 37 пайызы зерттеуші, 21 пайызы сарапшы, 6 пайызы жоғары санатты. Бұл сапалық құрамның деңгейінің жақсы екендігін көрсетеді.

Аталмыш оқу жылында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша сабақ беретін мұғалімдердің сапалық құрамы жақсара түсті. Атап айтқанда орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Оспанова Лаура Толеугажиевна санатсыз деңгейінен-педагог-модератор санатына өтті.

Аталмыш оқу жылы 2021-2026 жылдарға арналаған мектептің жаңа даму жоспары қабылданды. Бұл жоспар бойынша «**Жаһандық білім кеңістігінде еркін бағдарлана алатын тұлғаны қалыптастырудың факторы ретінде көптілділікті дамыту**» тақырыбында зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Осыған орай әр әдістелік бірлестік мектептің зерттеу тақырыбын ашу мақсатында өзіндік зерттеу тақыптарын тандап алды. Олар:

- 1. Қазақ тілі ӘБ зерттеу тақырыбы :** Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеудің тиімді жолдары.
 - 2. Ағылшын тілі ӘБ тақырыбы:** Жаратылыстану математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуға әдістемлік көмек көрсету ерекшеліктері
 - 3. Орыс тілі ӘБ зерттеу тақырыбы:** Орыс тілі сабақтарында формативті бағалау тапсырмалары арқылы функционалдық оқуды қалыптастыру; Формирование функционального чтения на уроках русского языка через задания формативного оценивания
 - 4. Тарих ӘБ зерттеу тақырыбы:** Тарих және қоғамдық пәндерді оқыту барысында ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу жолдары.
- Осы әр ӘБ бірлестік тақырыбына сай пән мұғалімдері де жекелеме зерттеу тақырыптарын тандап алып, осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыруда.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Зерттеу тақырыбы
1	Амангелді Р.	«Қазақстан тарихы пәнінен сандық білім ресурстарының білім сапасына әсері»
2	Исабаева З.Н.	«Қоғамдық гуманитарлық пәндерді оқыту барысында іс әрекетті зерттеудің білім сапасына әсері»
3	Жакиянова А.Н.	«Оқушылардың тарих сабақтарында зерттеу дағдыларын дамыта отырып, білім сапасын арттыру»
4	Омарова Н.О.	«Ұлттық тәрбие негізінде жан-жақты дамыған, сыни көзқарасы қалыптасқан, шығармашыл тұлға қалыптастыру»
5	Абдрахманова С.Р.	«Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушыларды ізденіске түсіру және шығармашылыққа жетелеу»
6	Бейсенбаева Р.Б.	«Тарих сабағында инновациялық технологияларды қолдану негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту»
7	Окинбек Г.	«Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту»
8	Әлиакбар А.Б.	«Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша тарих сабақтарында заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану»
9	Асылбаев Е.Т.	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ойын элементтерін пайдалану арқылы оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дамыту
10	Адалбулова З.Б.	Жаңартылатын білім беру мазмұнына ұлттық құндылықты енгізудің тиімді жолдары
11	Ержанова С.К.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу негізінде оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу

12	Копаева А.С.	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылығын дамыту негізінде ұлттық құндылыққа баулу
13	Мухаметжанова А.Ш.	Ұлттық құндылықтарды оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер негізінде меңгерту.
14	Мухаметжанова Л.Ж.	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықты дамытуда АКТ-ның тиімділігі
15	Амринова У.Е.	Ұлттық құндылықтарды меңгеруде тыңдалым мен айтылым дағдысын тиімді пайдалану
16	Қайрканова Н.Ж.	Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқушылар бойында зерттеу дағдысын ұлттық құндылықтар негізінде дамыту
17	Смаилова Батима Сайфуллаевна	Приемы развития навыка разных видов чтения учащихся на уроках русского языка и литературы
18	Бексейтова Сауле Жасқайратовна	Развитие культурной и читательской компетенции учащихся.
19	Дюсембаева Гульнар Абуевна	Развитие навыков функционального чтения на уроках русского языка и литературы.
20	Жармагомбетова Айнур Амантаевна	Приемы проверки техники чтения учащихся..
22	Жаркенова Зауреш Бокенбаевна	Чтение как средство формирования речевых умений и навыков через применение инновационных технологий.
23	Ибраева Айман Муратхановна	Повышение функциональной грамотности обучающихся на уроках русского языка и литературы
24	Қаирбекова Гульсим Хасеновна	Приемы работы по развитию техники чтения у учащихся младших классов.
25	Маралбаева Қайрану Қайргельдиевна	Методика работы по развитию техники чтения в начальных классах.
26	Оспанова Лаура Толеугажиевна	Развитие навыков чтения младших школьников.
27	Сапиева Акмарал Муратовна	Развитие навыков чтения учащихся среднего звена.
28	Усенова Гульжан Райхановна	Формирование функциональной грамотности чтения на уроках русского языка и литературы
29	Хамитова Нагима Мукатаевна	Использование цифровых образовательных ресурсов в формировании функциональной грамотности учащихся.
30	Ермагамбетова Нурсулу Умурзақовна	Ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзыретілігін оқу дағдылары арқылы дамыту.
31	Бейсекеева Ильмира Ақылбековна	Оқу үдірісінде заманауи педагогикалық технологиялар арқылы орта сынып оқушыларының грамматикалық дағдыларын жетілдіру
32	Сачанова Асема Нурмаханбетовна	Ағылшын тілі сабақтарында орта буын оқушыларының оқылым арқылы танымдық белсенділіктерін арттыру.
33	Жақсылық Аида Арманқызы	Орта мектепте шет тілін оқытудың интеграцияланған моделін қолдану

34	Абдрахманова Акбота Каирбековна	Ағылшын тілі сабағында формативті бағалаудың тиімділігі
35	Айгожина Арайлы Айдарқызы	Ағылшын тілі сабағында оқушылардың оқу мен жазу сын тұрғысынан ойлау арқылы қабілетін арттыру жолдары
36	Кожаметова Камила Ермуратовна	Ағылшын тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту.
37	Рамазанова Индира	Ағылшын тілі сабағында дидактикалық ойындар арқылы коммуникативтік құзыреттілікті дамыту
38	Есимханова Алия Алкеевна	Ағылшын тілі сабағында ойын технологияларын қолдана отырып, оқушылардың мәдениетарлық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру
39	Мусина Дина Ерлановна	Ағылшын тілі сабағында оқушылардың жазылым арқылы функционалды сауаттылығын дамыту.
40	Иманбекова Жанара Даулетбековна	Ағылшын тілін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының жазылым дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығулар пайдалану
41	Шайман Алтынай Ерсайынқызы	Ағылшын тілі сабағында ойын түрлерін қолдану тиімділігі.
42	Сакенова Гульнар Тастыбаевна	Ағылшын тілі сабағында ақпараттық цифрлық құралдарды пайдалана отырып, оқушылардың оқу дағдысын дамыту
43	Харахад Айгерім	Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі сабағында көрнекілік әдісін қолдану тиімділігі
44	Темирова Мейрамгуль Сериковна	Ағылшын тілі сабағында жаңа технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту
45	Турсунханова Жайнагуль Асылбековна	Ағылшын тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту.
46	Уразкулова Перизат Абдумуратқызы	Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі сабағында көрнекілік әдісін қолдану тиімділігі

Кесте №2

Мектеп басышысының ғылыми кеңес және әдістеме бойынша орынбасары және әдістемелік бірлестік жетекшілері тарапынан қоғамдық - гуманитарлық бағыттағы пән мұғалімдерінің зерттеу тақырыптары бойынша нұсқаулықтар беріліп, әңгімелесілді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндердің жылдық бойынша білім сапасының көрсеткіштері


2. Оқу кезеңдері бойынша 5 жылға білім сапасының көрсеткіштері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйендегі № 472 бұйрығы.

Бұйрығына 16-қосымша
Нысан

Сыныптар	пәндер	2019– 2020 оқу жылы		2020 – 2021 оқу жылы		2021- 2022 оқу жылы 1-ж.ж.		2021- 2022 оқу жылы жылдық		2022- 2023 оқу жылы	
		Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	саны	%
2-4 сыныптар	Қазақ тілі	584	88,6	630	86,4	<u>568</u>	<u>77,7</u>	<u>568</u>	<u>78,7</u>	<u>547</u>	<u>78</u>
	Орыс тілі	584	94,74	630	94%	<u>568</u>	89,2	<u>568</u>	92,7	<u>547</u>	93
	Ағылшын тілі	584	89,6	630	92,14	<u>568</u>	74,3	<u>568</u>	77,5	<u>547</u>	80
5-9 сыныптар	Қазақ тілі	858	75,51	885	77,1	888	71,2	888	71,1	754	68
	Қазақ әдебиеті	858	75,38	885	77,8	888	68,7	888	71,7	754	69
	Орыс тілі	858	81,8	885	75,4%	888	80,9	888	82	754	80
	Ағылшын тілі	858	83,23	885	81,14	888	70,8	888	75,2	754	75
	Қазақстан тарихы	858	80,58	885	84,31	888	70,03	888	73,4	754	76
	Дүниежүзі тарихы	858	86,14	885	87,85	888	66,6	888	75,5	754	75
	Құқық негіздері	144	100	144	98,3	176	63,7	176	82,1	754	85
10-11 сыныптар	Қазақ тілі	154	80,13	199	82,4	199	84,9	199	90,1	232	85
	Қазақ әдебиеті	154	78,86	199	80,5	199	80,4	199	85,5	232	65
	Орыс тілі	154	90,71	199	76	199	88,4	199	90,9	232	84
	Ағылшын тілі	154	95,5	199	84,96	199	98,4	199	97,7	232	93

	Қазақстан тарихы	154	76	199	86,21	199	77,3	199	82,5	232	84
	Дүниежүзі тарихы	154	78	199	93,28	199	80,6	199	75,9	232	76
	Құқық негіздері	154	94,44	199	99	199	95,4	199	93,3	232	93
	Барлығы	8122	85,114	8737	80,5206	8601	78,7	8601	82,1059	1533	81






диаграмма №2

5-9 СЫНЫПТАР

- 5-9 сыныптар Қазақ тілі
- 5-9 сыныптар Қазақ әдебиеті
- 5-9 сыныптар Орыс тілі
- 5-9 сыныптар Ағылшын тілі
- 5-9 сыныптар Қазақстан тарихы
- 5-9 сыныптар Дүниежүзі тарихы
- 5-9 сыныптар Құқық негіздері




диаграмма №3




диаграмма №4

№ 2,3 және 4 диаграммаларда көрсетілгендей 2022-2023 оқу жылының қорытынды бағасы бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндердің оқу сапасы талапқа сай. Осы оқу жылының жылдығымен салыстырғанда оқу сапасы 3 пайызға жоғарылаған.

Барлық сынып бойынша әкімшілік тарапынан пән мұғалімдеріне стандарт талаптарына сәйкестендіріп, білім, білік, дағдыларының қалыптасуына жеке-дара жұмыс түрлерін ұйымдастыру талап етілді.

Аталған пәндер бойынша пән мұғалімдері оқушылармен жеке-дара жұмыс түрлерін ұйымдастыра отырып олардың пәнге деген қызығушылықтарын оятуға баулу қажет. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке қалыптастырады.

2022 жылдың 12-15 желтоқсан аралығында №25 жалпы орта білім беру мектебінде «Тарих және қоғамдық пәндер апталығы» өтті. 2022 жылдың 12 желтоқсанында тарих апталығы аясында тарих мұғалімі Омарова Нурсулу Оркеновна «Тарих сыр шертеді» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына кітап көрмесін өткізді. Оқушылар қызықты тарихи еңбектермен танысып шықты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Тарих апталығының «Тарих керуен» тарихи оқулықтарға құштарлық инстаграм челенджін 5 «А» сынып оқушысы Серикова Азалия жалғастырды. Азалия оқырмандарын Ж.Қасымбаевтың «Абылай хан» еңбегімен таныстырып өтті.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай тарих апталығы аясында 13 желтоқсанда тарих мұғалімі Абдрахманова Самал Рамазановна 9 сынып оқушыларына «Желтоқсан оқиғасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Желтоқсанның жастарымен таныстыру, оқушыларды елін, жерін, халқын сүюге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.

2022 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай тарих апталығы аясында тарих мұғалімі Жакиянова Арай Нұрғазықызы «Тарих-ғасырлар куәсі» тақырыбында 10-11 сынып оқушылар арасында танымдық сайыс сабағын өткізді. Kahoot ойыны арқылы 10-11 сынып оқушылары 2 топқа бөлінді. Қазақстан тарихынан ҰБТ сұрақтары бойынша тарихи тұлғалар, тарихи даталар, оқиғалар негізінде ұйымдастырылды. Сайыс нәтижесінде 10 сынып оқушылары жеңіске жетті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Тарих апталығының «Тарих керуен» тарихи оқулықтарға құштарлық инстаграм челенджін тарих мұғалімі Омарова Нурсулу Оркеновна жалғастырды. Нурсулу Оркеновна оқырмандарын Салтанат Нұржекееваның «Орбұлақ өнегесі», Бексұлтан Нұржеке-ұлының «Қазақ батырлары» еңбектерімен таныстырып өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Тарих апталығының «Тарихты зерделеу» тарихи оқулықтарға қызығушылықты ояту мақсатында 11 «А» сыныбында тарих мұғалімдері Жакиянова Арай Нұрғазықызы мен Әлиақбар Айнұр Бағланқызы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде Бп «Қазақ хандығының құрылуының кешеуілдеуіне Шыңғыс хан ұрпақтарының билікке таласы әсер етті деп есептейді» тақырыбында америкалық форматта өтті.

«Тәуелсіздік шежіресі» атты 5-6 сыныптарда суреттер сайысы, «Алтын адам археологиялық олжасы» тақырыбында 5 «Ә» сыныбында тарих мұғалімі Әлиақбар Айнұр Бағланқызы ашық сабақ өткізді. Тарих апталығының соңында оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

2023 жылдың 2 маусымында тарих мұғалімдері Абдрахманова Самал Рамазановна мен Смагулов Бауыржан Мейрамович оқушыларды отансүйгіштікке баулу, Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеу мақсатында 10 «В» сыныптың оқушыларымен "Бірлік пен бейбітшілік рәміздері" атты дөңгелек үстел өткізді.

2023 жылдың 2-маусым күні тарих пәні мұғалімі Смагулов Бауыржан Мейрамовичтің ұйымдастыруымен 8«Ә» сынып оқушылары Павлодар қалалық Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейінде Мемлекеттік рәміздер күніне орай Тэйбл-talk (талқылау) «Бірлік пен бейбітшілік рәміздері» тақырыбында іс-шара өткізілді. Шара барысында музей қызметкері Сағындық Мирас мырза музейдегі Мемлекеттік рәміздерге арналған павильон жәдігерлерімен таныстырды. Кейін мәжіліс залында Бауыржан Мейрамович және балалар Мемлекеттік рәміздер, олардың қолданылу аясы, Мемлекеттік Әнұранның мәтінін жатқа білудің маңыздылығы мен артықшылықтары туралы талқылау өткізіп, «Мемлекеттік рәміздер – ұлтымыздың мақтанышы» екендігі туралы ой түйді. Шара соңында барлық қатысушылар тәтті сыймен марапатталды.

Ағылшын тілі айлығы 23.09.2022 – 21.10.2022 аралығында өтті. Айлық Тілдер күніне арналған салтанатты жиынмен ашылды. Оқушылар айлықтың жоспарымен таныстырылды. Апталық жоспары әдістемелік бірлестікте талқыланып, мектеп басшысымен бекітілді. Бірлестік пән мұғалімдері жоспар бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс сабақтар өткізді.

Апталық мақсаты: Сабақтарында және сабақтан тыс іс-шараларда оқытудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыру, ой-өрісі мен таным белсенділіктерін жан-жақты жетілдіру;

Мұғалімдер өз алдарына келесі міндеттерді қойды:

- оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, шығармашылық белсенділігін таныту, пәнге деген қызығушылығын арттыру;

21.10 күні Бірлестіктің апталық жоспарымен таныстыру мақсатында алғашқы күні оқушылар жиыны өткізілді, онда апталықтың салтанатты ашылуы өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру.

Оқу жылына республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру жоспары құрылып, бекітілді. Жоспарға сәйкес әр сабақтың басында мұғалімдер 10 минуттық әлем классиктерін оқуды ұйымдастырды. Оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалімдер сабақта әртүрлі жұмыс әдістерін қолданады. Қызықты формалардың бірі - балалар кітаптарын жасау, оны жігіттер алмасады, оқиды, мазмұны мен дизайны туралы өз пікірін білдіреді. Мәселен, 7-сыныпта «Салауатты өмір салты» бөлімін оқығанда, оқушылар осындай кітаптардың әртүрлі нұсқаларын ұсынды. Жұмыстарды бағалау критерийлері:


- Мазмұнды таңдау (спорт түрі туралы қысқаша есеп, пайда болу тарихы);
- Дизайн кітаптың мазмұнын ашады;
- Ақпараттың дәлдігі, анықтығы, толықтығы;
- Жасқа сәйкестік.

Бексейітова С.Ж. бастауыш сынып оқушыларына С.Маршактың «Он екі жыл» ертегісі бойынша театрландырылған қойылым ұйымдастырылды.

Әр кабинетте ақын-жазушылар, олардың шығармалары туралы ақпарат орналастырылған тақырыптық бұрыш бар.

Сондай-ақ «Кітапқұмар» оқу клубы жұмыс істейді. Оқушылар орыс тілі кабинеттерінің кітап қорын толықтырады, оқыған шығармаларынан алған әсерлерімен бөліседі.

Мектептің Instagram парақшаларында өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат бар.



Қыркүйекте «Тілдер айлығы» шеңберінде мектепшілік шаралар өтті. Ай бойы қоғамдық-гуманитарлық циклының мұғалімдері оқушылардың денсаулығын нығайту технологиясы негізінде қашықтықтан ашық сабақтар мен іс-шаралар өткізді. Мектептің инстаграм желісіне оқушылардың тілге байланысты мәнерлеп оқыған өлең-жырлары жүктелді. Сондай-ақ «Мақал – сөздің мәйегі» мақал-мәтелдер сайысы 5-сыныптардың аралығында өтті.

Айлық барысында «Шәкәрім әлеміне саяхат» (Шәкәрімтану орталығына экскурсия) атты экскурсия ұйымдастырылды. Сандық технологияларын қолдана отырып 7-сыныптар арасында «21 ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойыны өткізілді. Онда оқушылар тіл мен әдебиет пәніне байланысты сұрақтарға жауап бере отырып, өз білімдерін сынады. Өткізілген іс шара туралы анықтама мектептің инстаграмм парақшасына салынды.

9-сыныптар арасында «Әдебиет әлемі» атты көріністер сайысы өткізілді. «Рух жорығы» атты облыстық мәдениет саласының мамандраы мен ақындармен кездесу ұйымдастырылды. Онда оқушылар өздерінің өнерлерін көрсетіп, келген қонақтарға өздерінің көкейіндегі сұрақтарды қойып, пікірталас ұйымдастырды.

Қорыта айтқанда, «Тілдер айлығы» аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша ұйымдастырылған шаралар мазмұнды әрі сапалы өткізілді.

Ұсыныс:

1. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пән мұғалімдерінің сапалық құрамын жақсарту мақсатында пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсетуді жалғастыру;
2. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу, кәсіби сайыстарға қатысуына бағыттау, әдістемелік-дидактикалық құралдар жасауларына әдістемелік көмек көрсету;
3. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндердің оқу сапасын бақылауда ұстау, қазақ әдебиеті, дүниежүзі тарихы және құқық негіздері пәндерін МІБ ұстау
4. Жетістіктерге жеткен мұғалімдерді ынеталандыру, олардың тәжірибелерімен бөлісуін ұйымдастыру,
5. Белсенділігі төмен мұғалімдерді бақылауда ұстап, сайыстарға қатыстыру.
6. Оқушыларды өздігінен еңбек етуге, өз пікірін жазуға, өзін дұрыс бағалай білуге дағдыландыру.

Информатизация жағдайы

1. «Цифрлы Қазақстан» жайлы мәлімет

Бүгінгі таңда «цифрлі Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында министрлік тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылуда. Білім беру жүйесінде көрсетілген платформалар енгізілді. Олар, «Күнделік» - электрондық журнал, Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру – электрондық мектеп, НОБД – Ұлттық білім беру мәліметтер базасы, FAVORIT – облачная бухгалтерия.

«Күнделік» электрондық журнал - негізгі журнал болып, мектепке енгізіліп, негізгі деректер, оқушылар, ата-аналар мен ұстаздар туралы толық мәліметтер енгізілген болатын. ЭОЖ –не мектептің жұмыстық оқу жоспары, педагогикалық кадрлар мен оқушылар тізімі мектеп базасымен сәйкестендіріліп, сабақ кестесі, реті мен қоңырау кестесі енгізіледі. Ұстаздар бөлінген сағаттары бойынша күнтізбелік оқу жоспарын жазып толтырады, оқушылардың күнделікті бағаларын қою жұмыстарын уақытында жүргізеді.

Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру – электрондық мектеп

Бұл жүйе келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

- мектепке тіркелуді алдын-ала жоспарлау және тұрғылықты жеріне сілтеме жасамауға, яғни баланың білімін жоспарлау мүмкіндігі;
- мектеп нөмірін олардың тұрғылықты жеріне байланысты анықтау мүмкіндігі.
- мектепке бармай-ақ, оны қаралу процесін қашықтан қолдану және бақылау.

НОБД: 2012-2013 оқу жылында ұлттық білім беру деректердің базасы мен электрондық оқыту жүйесінің жұмыстары жоба ретінде мектепке енгізіліп, негізгі деректер, оқушылар мен ұстаздар туралы толық мәліметтер енгізілген болатын. Осы платформалардың негізгі мақсаты – білім алушылардың, оқытушылар мен әкімшілік құрамың, орта білім беру саласындағы білім беру ұйымдарының өмірлік циклін басқару және мониторинг жүргізу. Барлық көрсетілген платформалар интернет арқылы on-line режимінде жүргізіледі.

2. Материалдық – техникалық база.

1) Мектепте барлығы 425 компьютерлік техника бар

№	Аты	Саны	Келген жылы
1	компьютер	41	2007
2	компьютер	24	2008
3	компьютер	4	2009

4	компьютер	43	2012
5	моноблок	30	2012
6	ноутбук	1	2012
7	компьютер	6	2014
8	ноутбук	2	2015
9	ноутбук	6	2016
10	компьютер	11	2017
11	ноутбук	1	2017
12	компьютер	11	2018
13	моноблок	11	2018
14	компьютер	11	2019
15	компьютер	11	2020
16	планшет	27	2020
17	ноутбук	130	2020
18	компьютер	55	2020
19	моноблок	8	2022

Оқу жылы	2016 дейін	2017	2018	2019	2020	2022
Компьютерлер саны	157	12	21	11	223	8

2) Интербелсенді тақталар саны – 18.

3) Мультимедиялық панель – 17.

4) Wi-fi саны - 16

5) Интернет жылдамдығы

Оқу жылы	2016	2017	2018	2019	2020-2023
Интернет жылдамдығы	20 Мбит/сек	20 Мбит/сек	40 Мбит/сек	40 Мбит/сек	60 Мбит/сек

SWOT талдау

<p>S (күшті жақтары)</p> <p>1) Ашық және барлығына қолжетімді (<i>Күнделік.kz</i> – мұғалімдер мектепке келмей журналды толтыра алады. Барлық балалар және ата-аналар бағаларды көре алады. <i>Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру</i> - мектепке тіркелуді алдын-ала жоспарлау. <i>ҰББДБ</i> – мектеп қызметкерлер, мұғалімдер, оқушылар туралы барлық мәліметті алуға болады)</p> <p>2) МТБ. Соңғы 5 жыл ішінде компьютерлік техниканың жаңартылуы. Интернет жылдамдығының өсуі.</p>	<p>W (әлсіз жақтары)</p> <p>1) Электр энергиясына тәуелдік.</p> <p>2) Жаңалықтарға үлгермеушілік.</p>
<p>O (мүмкіндіктері)</p> <p>Өте тез дамиды</p>	<p>T (қауіптер)</p> <p>Жаңа технологияларды пайдалану барысында ұлттық құндылықтарды жоғалту</p>

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жұмыс барысын қадағалау

Мақсаты: Үлгерімі төмен оқушыларының мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша білім, білік, дағдыларын қадағалау, негізгі пәндердің оқытылу деңгейі мен сапасын тексеру.

Қазіргі кезде оқушыларды толық, жан-жақты білім алуы үшін барлық жағдайлар жасалған деп айта аламыз. Алайда «бес саусақ бірдей емес». Оқушылардың физиялогиялық, психологиялық тұрғыдан даму деңгейлері, отбасылық жағдайлары, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі т.б. әртүрлі дәрежеде. Әрине, әр ата- ана өз баласының қатарынан кем қалмауына барынша көңіл қойып, қолынан келгендерін аямайды. Дегенмен оқушылардың арасында түрлі дәрежедегі артта қалушылықтың белгілері байқалып, сабақ үлгерімі төмен деңгейде қалып қоятын оқушылар жоқ емес. Үлгерімі төмен оқушыларды байқаған бетте, ең алдымен, дер кезінде оның себебін анықтау өте маңызды.

1-тоқсан мектептің білім сапасы мен үлгерімі

	Сапа,%	Үлгерім, %
Жалпы мектеп	50,6	99,9
10 «Б»	50	96,2

10 «Б» сынып оқушысы Аубакирова Айдана информатика пәнінен «2»-бағасы шықты. Оны пән мұғалімі Шакирова Айгерим Суюндыковна былай түсіндірді: оқу дағдыларының төмен деңгейі, сабақты жиі өткізіп жіберу, пәнді оқуға деген қызығушылықтың төмендігі, үй тапсырмасының болмауы, тәртіпсіздік.

2-тоқсан бойы Айдана бақылауға алынды. Сабақтарына қатысып, Айдананың сабаққа деген қызығушылығы қандай екенің бақыланды. Тоқсанның басында әртүрлі себептермен Айдана информатика сабағына келмей жүрді.

22 қараша күні өткізілген информатика сабағында Айдана кешігіп келді, сабақтың басында болмағандықтан мұғалім өткізген психологиялық настрой дегенді бала сезген жоқ. Сабақ барысында мұғалім басқа балалар сураққа жауап берген соң Айданаға қайтадан сол сұрақты қойып, ол жауап бергендей жағдай жасады. Сабақты бекіту кезеңінде ерекше жеңілдетілген тапсырма берген соң Айдана компьютерге отырып, түсінбеген жерлерді мұғаліммен сұрап, белсенділік танытып, берген тапсырманы орындау бастады (без энтузиазма). Сабақ аяғында «б» ұпай алды. Тоқсан бойы пән мұғалімі Айданамен жеке жұмыс жасады, бірнеше рет сабақтан соң қалтырып, тақырыпты қайтадан түсіндірді.

2-тоқсан аяғында Аубакирова Айдана информатика пәнінен «3» баға алды. Бұл үдерісі барысында пән мұғалімі арнайы жеке жұмыстарын өткізіп, оқушының білім, білік дағдыларының бөгетсіз дамуына жағдай туғызды. Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшісі және пән мұғалімі отырысында барлық мәселелер қаралып, ұсыныстар берілді. 3-тоқсанда Аубакирова Айдана басқа мектепке ауысып кетті.

Ұсыныс:

1. Білім сапасы төмен оқушылармен пән мұғалімдері жеке жұмыс жасасын. Сынып жетекшілердің қадағалауымен.
2. «Күнделік.kz» электрондық журналға қалыптастырушы бағалары уақытында қойылсын.
3. Қосымша сабақтарда АКТ көмегімен ынталандыру; ойындар арқылы танымдық белсенділікті ынталандыру, қосымша сабақтар арқылы білімдегі олқылықтардың орнын толтыру
4. Оқушының білім сапасын көтеруіне, нәтижеге жетуіне ата-аналардың үлес қосуын талап ету, психологиялық көмек ретінде ата-анамен жұмыс жасау.

Жаппай оқыту үрдісі, инклюзивті оқыту

Инклюзивті білім беру- барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқыту болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы
- Бала құқықтары туралы Конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша 1989 ж.)
- Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 13 желтоқсан, 2006 жыл)

Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы:

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасын Заңы.
- "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғалым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығындағы өзгерістер енгізу туралы.
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
- Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заң
- Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Заң

- Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заң
- Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Заң
- Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 410-VI ҚРЗ.

- Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация

Инклюзивті білім беру – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға, адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Мектебімізде әр сыныптағы ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны-2. Қазіргі уақытта инклюзивті оқушылармен жеңілдетілген оқу бағдарламасы негізінде 16 мұғалім жұмыс жасайды. Арнайы логопед, педагог-психолог осы балаларға жылулық пен қамқорлықты сездіріп, ата-аналарымен тығыз байланыста. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін мұғалімдер естен шығармайды.

